- **Интернет-дүкен** — ғаламторда <http://www.Nicole.kz> мекен жай бойынша орналасқан Nicole ғаламтор сайты, бұнда Сатушылар сатып алу үшін ұсынатын Тауарлар, сондай ақ, төлеу және Сатып алушыларға тауарды жеткізу шарттары көрсетілген.
- **Сайт** — [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz)
- **Сатушы Парақшасы** — Nicole тауарларынан басқа, Сатушылар өткізетін Тауарларды сату, жеткізу және қайтару шарттары туралы мәліметтер, сонымен

қатар Тауарды сатып алу-сату келісім шартын құру және жүзеге асыру үшін маңызды болып табылатын басқа да ақпарат болатын Сайт парақшасы. Сатып алу парақшасы Тауар сипаттамасы белірген парақшада «Себетке қосу» батырмасы астындағы сілтеме бойынша қол жетімді.

- **Тауар** — Сайтта сатуға қойылған өсімдіктер, гүлдер, гүл шоқтары, топырақ, тыңайтқыштар, кашпо және басқа да қосалқы тауарлар.
- **Тапсырыс** — Сайттан таңдалған Тауарды сатып алуға және Сатып алушының көрсеткен мекен жайына жеткізу / өздігінен алып кету арқылы жеткізуге қажетті түрде рәсімделген сұранысы.

## 1. Жалпы ережелер

1. Сатушы Тауарларды : [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz) мекен жайы бойынша Интернет-дүкен арқылы сатуды жүзеге асырады.
2. Тауарларды Интернет-дүкен арқылы тапсырыс беріп, Қолданушы төменде мазмұндалған Тауарларды сату шарттарымен (ары қарай – Тауарларды сату шарттары) келіседі, ал Nicole емес, бірақ басқаа заңды тұлғала және/немесе жеке кәсіпкерлер өткізетін Тауарларға қатысты Қолданушы сол сияқты сәйкес Сатып алушылардың парақшаларында орналасқан осындай заңды тұлғалар/жеке кәсіпкерлердің Тауарларды сату және жеткізу туралы ақпараттан тұратын Тауарларды сату және жеткізу шарттарымен келіседі. Осы Қолданушы келісімімен келістеген жағдайда (ары қарай – Келісім/Көпшілік офертасы) Қолданушы дереу сервисті тайдалануды тоқтатып, <http://www.Nicole.kz> сайтынан шығуы қажет.
3. Осы Тауарларды сату шарттары, сонымен қатар, Сайтта орналастырылған Тауар туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2т. 435 бап 30 бабына сәйкес көпшілік офертасы болып табылады.
4. Келісім Сатушымен бір жақты тәртіпте Қолданушыны/Сатып алушыны жазбаша ескертусіз тоқтатылуы мүмкін. Келісімнің жаңа басылымы осы Келісімнің шарттарымен басқаша қарастырылмаса, Сайтта жарияланған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.
5. Сайтта кіруші тіркелгеннен бастап және/немесе Сайтта авторизациясыз Сатып алушы Тапсырыс рәсімдегеннен бастап, сонымен қатар Сатып алушыдан Интернет-дүкен телефондары бойынша Тапсырыс қабылданған сәтінен бастап Көпшілік офертасы Сайтқа кірушімен/Сатып алушымен құпталған болып саналады. Сатушы Сатып алушыға кассалық немесе тауарлық чек, не болмаса, тауарға төленгенін растайтын басқа да құжат берген сәтінен бастап, Бөлшек сатып алу-сату келісім шарты құрылған болып есептеледі. Сатушыға өз e-mail және телефон нөмірін хабарлай отырып, Сайтқа кіруші/Қолданушы/Сатып алушы аталған байланыс құралдарын Сатып алушымен, сонымен қатар Сайтқа кіруші/Қолданушы/Сатушы алдындағы осы Келісімнің міндеттемелерін орындау үшін қатыстырылатын үшінші тұлғамен Сатып алушының жеңілдіктері, алда болатын және әрекеттегі науқандары және басқа шаралары туралы ақпараттан тұратын жарнамалық және ақпараттық сипаттағы таратуды, тапсырысты жеткізуге берілуі туралы, сонымен қатар осы Көпшілік офертасы шегінде Сатып алушының міндеттемелерін орындаумен тікелей байланысты басқа да ақпараттарды таратуды жүзеге асыру мақсатнда қолдануға келісім береді.
6. Қолданушымен құрылған Келісім бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер тікелей сатып алушыда туындалады, ал Сатып алушы осы Келісімді қабылдай отырып, Nicole-ден басқа Сатып алушымен келісім құру

кезінде Nicole көрсетілген келісімнің тарабы емес және осы Көпшілік офертасымен қарастырылған міндеттемелерден басқа, оны орындаумен қатысты міндеттемелерді орындамайтынын толық түсінеді және келіседі.

7. Тапсырыс аясында Nicole Қолданушыға Сатушы мен Қолданушы құрған Келісімнің ақпараттық ілестірімесін береді.

## 2. Келісім мәні

1. Осы Келісімнің мәні Қолданушыға [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz) сайтындағы тауарларды жеке, отбасы, үй және өзге де қажеттіліктері үшін сатып алу мүмкіндігін ұсыну болып табылады.
2. Осы Келісім Сайтта ұсынылған барлық Тауарлар мен қызметтер түріне, бұндай ұсыныстар сипаттамасымен бірге Интернет-дүкен каталогында болғанға дейін таралады.

## 3. Сайтқа тіркелу

1. Сайтта тіркелу жылжымалы «Тіркелу» терезесінің көмегімен жүзеге асырылады.
2. Тапсырысты рәсімдеу үшін Сайтта тіркелу міндетті болып танылмайды.
3. Nicole Қолданушы тіркелу кезінде ұсынған ақпараттың нақтылығы мен дұрыстығы үшін жауап бермейді.
4. Қолданушы тіркелу кезінде көрсеткен логині мен құпия сөзді үшінші тұлғаға хабарламауға міндетті. Қолданушыда оның логині мен құпия сөзінің қауіпсіздігіне қатысты немесе оларды үшінші тұлға рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігіне күдік туындаған жағдайда, Қолданушы шұғыл түрде бұл жөнінде [ask@Nicole.kz](mailto:ask@Nicole.kz) мекенжайына сәйкес электронды хат жолдау арқылы Nicoleге хабарлау қажет.
5. Қолданушының/Сатып алушының Call-орталығы операторларымен/менеджерлермен немесе басқа да Nicole өкілдерімен және басқа да Сатушылармен хабарласуы жалпы қабылданған мораль мен коммуникациялық этикет принциптеріне негізделу керек. Әдепсіз, балағаттау, намысына тиетін сөздерді қолдануға, сонымен қатар, қорқыту және бопсалау, оның қандай түрде, кімге бағытталып айтылғандығына қарамастан, қатаң тыйым салынады.

## 4. Тауар және сатып алу тәртібі

1. Сатушы Сайтта көрсетілген Тауарлардың өз қоймасында болуын қамтамасыз етеді. Сайтта орналастырылған Тауардың ілеспе суреті қарапайым иллюстрация болып табылады және Тауардың нақты сыртқы түрінен айырмашылығы болуы мүмкін. Тауарғы берілген сипаттамасы/мінездемесі түпкілікті ақпараттандыру болып табылмайды және қателері болуы мүмкін. Тауар жөніндегі ақпаратты нақтылау үшін Сатып алушы Сайтта көрсетілген байланыстар бойынша Клиенттерді қолдау қызметіне хабарласуы қажет. Сайтта ұсынылған ақпараттарды жаңарту әр күн сайын жүргізіледі.
2. Сатушының қоймасында Сатып алушы Тапсырыс берген Тауар жоқ болған жағдайда, Сатушы Тапсырыс рәсімдеу кезінде Сатып алушы көрсеткен телефонға смс-хабарлама жіберу арқылы (немесе Nicole Call-орталық операторының қоңырау шалуы арқылы) Сатып алушыға хабарлап, көрсетілген Тауарды Тапсырыстан алып тастауға/Сатып алушының Тапсырысын жоюға құқылы.

3. Алдын ала төлем жасалған Тапсырысты толық немесе ішінара жойған жағдайда, жойылған Тауар құны Сатып алушыға Тауарға төлем жасаған жолмен қайтарылады, ал Nicole тауарлары бойынша осы Келісімде көрсетілген тәсілмен қайтарылады.
4. Сатып алушының Тапсырысы Сайтта «Көмек» бөлімінде «Тапсырысты қалай рәсімдеу керек» нұсқауында көрсетілген процедураларға сәйкес <http://www.nicole.kz/page/kak-oformit-zakaz> мекен жайы бойынша рәсімделеді.
5. Сатушының Сатып алушының алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындауға мүмкіндік бермеуге әкелетін қате мәліметтер ұсынғаны үшін Сатып алушы толық жауапкершілікте болады.
6. Сайтта Тапсырысты рәсімдеген соң, Сатып алушыға болжамды жеткізу күні туралы ақпарат Сатып алушы тіркелген кезде берген электронды мекен-жайға электрондық хатты жіберу арқылы не телефон арқылы жеткізіледі. Осы Тапсырысқа қызмет көрсететін Менеджер Тапсырыстың егжей-тегжейін, Сатушының қоймасында Тапсырыс берілген Тауарлардың болуын нақтылайды, жеткізу күнін және Тауарды өндеуге және жеткізуге кететін уақытты келіседі. Жеткізу күні Сатып алшымен тапсырысқа берілген Тауардың Сатушысы қай заңды тұлға/жеке кәсіпкер екеніне байланысты болады.
7. Тапсырысты сәйкес Сатушының Жеткізу қызметіне табыстау күні Сатып алушыға электронды пошта арқылы немесе осы Тапсырысқа қызмет көрсететін Менеджердің Сатып алушыға қоңырау шалуы кезінде хабарланады. Тауарды жөнелту күні Сатушының пікірінше объективті себеп болған жағдайда, Сатушымен бір жақты тәртіптен өзгертілуі мүмкін

## 5. Тапсырысты жеткізу

1. Nicole өткізетін Тауарларды жеткізу тәсілі, сондай-ақ шамамен жеткізу мерзімі Сайтта «Көмек» бөлімінде <http://www.nicole.kz/page/usloviya-dostavki> мекенжайы бойынша, ал басқа Сатушылар өткізетін Тауарларды жеткізу тәсілі мен шамамен жеткізу мерзімі Сайтта сәйкес Сатушылардың парақшаларында көрсетілген. Нақты жеткізу мерзімін Сатып алушы Тапсырысты растау кезінде Call-орталық операторымен келісуі мүмкін. Сондай-ақ, Тауарды жеткізудің нақты мерзімі Сатып алушыға Сайтта Тапсырысты рәсімдеудің соңғы кезеңінде ұсынылады.
2. Сайтта ұсынылған және Nicole өткізетін Тауарды жеткізу территориясы Алматы қаласы аймағымен шектелген. Сатып алушы басқа да Сатушылармен өткізілетін Тауарлардың жеткізу территориясы да сондай-ақ шектелу мүмкіндігіне келіседі. Басқа Сатушылар өткізетін Тауарларды жеткізу территориясы туралы ақпарат Сайтта сәйкес Сатушылар парақшаларында көрсетілген.
3. Жеткізу кезінде кешіктіру Сатушы кәнісынан емес, қарастырылмаған жағдайларға байланысты болуы мүмкін.
4. Жеткізу кезінде, Тапсырыс Сатып алушыға немесе Тапсырыста Алушы ретінде көрсеткен үшінші тұлғаға табыс етіледі (ары қарай Сатып алушы және үшінші тұлға «Алушы» деп аталады).
5. Осы Келісімнің 5 тармағында көрсетілген алаяқтықтық жағдайларды болдырмау, сондай-ақ өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау үшін алдын ала төлем жасалған Тапсырысты табыстау кезінде Тапсырысты жеткізуді іске асырған тұлға, Алушының жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге, сонымен қатар, Алушы ұсынған құжаттың тұрпаты мен нөмірін Тапсырыс түбіртегінде көрсетуге құқылы. Сатушы Алушының дербес деректерінің құпиялығы мен қорғалуына кетілдік береді.

6. Тауардың кездейсоқ өлімі мен кездейсоқ зақымдалу тәуекелі Сатып алушыға оған Тапсырысты тапсыру және Тапсырысты растайтын құжатта Тапсырысты Алушының қол қойған сәтінен бастап өтеді. Тапсырыс жеткізілмеген жағдайда Тапсырыстың жоғалуы туралы растауды Жеткізу қызметінен алған соң, Сатушы Сатып алушыға алдын ала Сатып алушы төлеген Тапсырыстың және жеткізу құнын толық көлемде өтейді.
7. Сатушының Сатып алушыға тауарды табыстау міндеті курьер Тауарды Алушыға берген сәтінде немесе алдын ала келісілген Тапсырысты беру орнында (соның ішінде өздігінен алып кету орнында) алған кезінде орындалған болып саналады.
8. Алушы курьерден Тауарды қабылдағанда жеткізілген Тауарды қарат шығып, мәлімделген санына, ассортиментіне және толықтығына сәйкес келуін тексеруге, сонымен қатар жеткізілген тауардың қызмет көрсету мерзімі мен қаптама бүтіндігін тексеруге міндетті. Жеткізілген Тауарға шағымы болмаған жағдайда Алушы курьер ұсынған «Тапсырысты жеткізу бланкіне» немесе соған ұқсас құжатқа қол қояды. Жеткізу құжаттарына қойылған қол Алушының Тауарға шағымының жоқтығын және Сатушы Тауарды табыстау міндетін толық және тиісті көлемде орындағанын куәландырады.
9. Nicole өткізетін тауарларды жеткізетін курьердің Алушы мекен-жайы бойынша жеткізу уақыты 15 минуттен шектелген. Басқа Сатушылар өткізетін тауарларды жеткізуде курьердің жеткізу уақыты сәйкес Сатушының Тауарды жеткізу шарттарына байланысты көбею не азаю жғына қарай ерекшеленуі мүмкін.
10. Сайтта ұсынылған Тауар, сапасы бойынша МемСТ және ТШ талаптарына сәйкес және тиісті құжаттармен куәландырылады (сертификаттар және т.б.).

Жеткізудің күнін, уақытын және қажет болған жағдайда жеткізу бағдарын Тапсырысты растау үшін хабарласқан менеджерден нақтылауға болады. Сатып алушы Nicole-дан басқалар Сатушылар өткізетін Тауарларды жеткізу күні, уақыты және жеткізу бағдары тек қана сол Сатушының құзыретінде екендігін және кейде ол мәлімет Сатып алушыға Nicole қызметкерлері мен call-орталығы мамандарымен жеткізімеуі мүмкіндігін қабылдайды және келіседі, сонымен қатар Nicole қызметкерлері мен call-орталығы мамандары Сатып алушыға осындай мәліметті беру үшін өздеріне қатысты барлық шараларды іске асыруа алады.

Қолданушы Тауарды жеткізу - бөлек қызмет, Сатып алушымен алынатын Тауардың ажырамас бөлігі емес және оны орындау Алушы Тауарды алған кезде және оған төлем жасаған кезде аяқталатын бөлігі болып табылмайтынын түсінеді және келіседі. Nicole – дан өзге өз тауарларын Интернет-дүкен арқылы өткізетін кейбір Сатушылар (жеткізу шарттары мен құнын бөлек алатын болса, ол мәлімет Сатушылардың сәйкес парақшаларында көрсетілген). Сатып алынған Тауар сапасына Тауарды алған және төлем жасалғаннан кейінгі келістеушілік РК 07.02.1992 күнгі № 2300-1 (03.07.2016 ред.) «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңына және Сатушының кетілдемелік міндеттемесіне сәйкес қарастырылады. Осыған орай, Тауарды жеткізілуімен сатып алу, Сатып алушыға кепілдемелік қызмет көрсету немесе ауыстыру мақсатында Сатушының өкілінің Сатып алушыға бару арқылы сатып алынған Тауарды жеткізуді талап етуіне, сондай-ақ «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңына сәйкес жеткізу құнын қайтаруға құқық бермейді.

## 6. Тауарға төлем жасау

1. Интернет –дүкенде сатылатын тауарлар бағасы теңгеде көрсетіледі.
2. Тауар бағасы Сайтта көрсетіледі. Сатып алушы көрсеткен Тауар бағасы дұрыс көрсетілмеген жағдайда, Сатушы бұл туралы Тапсырысты түзетілген бағамен растау

немесе Тапсырысты жою үшін Сатып алушыны хабардар етеді. Сатып алушымен байланысу мүмкін болмаған жағдайда, осы Тапсырыс жойылды деп танылады. Егер Тапсырысқа төлем жасалған болса, Сатушы осы Келісімде қарастырылған тәртіппе Тапсырыс сомасын Сатып алушыға қайтарады.

3. Сайттағы Тауар бағасы Сатушымен бір жақты ретпен өзгертілуі мүмкін. Бұл жағдайда Сатып алушы Тапсырыс берген Тауар бағасы өзгертуге жаттайды. Тауар бағасында аймақтарға қарай айырмашылық болуы мүмкін.

4. Тауарды банк картасының көмегімен төлем жасау ерекшелігі:

4.1. Қазақстан Республкасы Ұлттық Банк Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы № 331 Қаулысымен бекітілген төлем карталарын шығару және қолдану Ережесіне сәйкес банк карталары бойынша операцияларды жүргізу карта ұстаушысы немесе оның уәкілетті тұлғасымен жүзеге асырылады.

4.2. Банк карталары бойынша операцияларды авторландыруды банк жүзеге асырады. Егер операция алаяқтық ситатта деп тануға негізі болса, банк мұндай операциялардан бас тартуға құқылы.

4.3. Тауарлар мен қызметтерге төлем жасау кезінде банк картасын заңсыз қолданудың әр түрлі жағдайын болдырмау үшін Сайтта рәсімделген, алдын ала банк картасы арқылы төлем жасалған барлық Тапсырысты Сатушы тексереді. Сатушы ссындай тапсырыс берген Сатып алушыдан тұлғаны куәландыратын құжат ұсынуын сұрауға құқылы

5. Nicole және басқа Сатушылар Тауарларға жеңілдіктер ұсынуға және бонустық бағдарламалар белгілеуге құқылы. Жеңілдіктер түрі, бонустар, есептеулері тәртібі және шарттары Сатушымен анықталады және Сайтта (Nicole-дан басқа Сатушылардың Тауарларына қатысты жеңілдіктер, бонустар және оларды төлеу тәртібі Сатушылардың сәйкес парақшаларында көрсетіледі) көрсетілген және Сатушымен бір жақты өзгертілуі мүмкін. Сәйкес Сатушы орнатқан жеңілдік басқа Сатушы Тауарларына, егер ол Сайтта сәйкес тауарға көрсетілмесе, қолданылмайды,

6. Сатушы Сатып алушының сатып алған Тапсырыстары бойынша статистика жүргізеді. Сатушы бір жақты ретте Сатып алушыме мен Сатушы арасында орындалған әрекеттер статистикасына негізделіп, Сатып алушыға жетімді төлеу әдістерін анықтауға құқылы.

## 7. Тауарды және ақша қаражатын кері қайтару

1. Nicole өткізетін Тауарды қайтару Сайтта көрсетілген «Кері қайтару шарттарына» сәйкес <http://www.nicole.kz/page/vozvrat> мекенжайы бойынша жүзеге асырылады. Тауарды қайтару ережелері сәйкес Сатушының өзімен орнатылады және Сатушының Сайттында сәйкес парақшада көрсетіледі. Nicole басқа Сатушылар өткізетін Тауарларды қайтару бойынша жауапкершілік алмайды.

2. Nicole сататын тауарды қайтару мына мекен жай бойынша жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Рысқұлов к-сі, 57.

3. [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz) сайтында тапсырыс берілген өсімдіктер, гүлдер, гүл шоқтары бөлімінен тауарларлы ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңының 30 бабы 1 тармақшасына сәйкес кері қайтаруға болмайды.



4. [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz) сайтында тапсырыс берілген топырақ, тыңайтқыштар, кашпо және басқа қосалқы тауарлар бөлімінен тауарлар оны алғанға дейін кез-келген уақытта, сонымен қатар ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңына сәйкес сатып алу күнін санамағанда 14 күн ішінде қайтарылуына болады.

5. Қажетті сапасы бар Тауарды, егер ол қолданыста болмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері сақталған болса қайтарылуына болады.

6. Сатып алушы Тауардан бас тартса, сатушы Сатып алушы қайтарған таурды жеткізумен байланысты Сатып алушының шығындарынан басқа Тауар құнын қайтарылған Тауар Сатып алушының қоймасына түскен күннен бастап 10 күн ішінде қолма-қол емес есеп айырысу арқылы қайтарады. Тауарды Сатып алушыға қайтару кезінде төлем құжатын, тауар алу туралы ілеспе құжатты, тұлғаны куәландыру құжат көшірмесін, еркін түрде жазылған қайтаруға өтініш беру қажет.

7. Егер Сатып алушы тапсырыс берген Тауар Сатушының сатылымында болмаса, Сатып алушы осы Келісімді орындаудан бас тарта алады және аталған Тауарға төленген ақша сомасын қайтаруды талап ете еледі. Сатушы қолда жоқ тауарға төленген ақша сомасын Сатып алушыны сәйкес талабын алған күннен бастап 10 банктік күн ішінде қолма-қол емес есеп айырысу арқылы қайтару керек.

8. Nicole өткізетін жарамсыз сападағы Тауарды кері қайтару:

8.1. Жарамсыз сападағы тауар деп, бұзылған және өз функционалдық қасиеттерін орындауды қамтамасыз етпейтін тауарды айтады. Алынған тауар Сайттағы сипаттамасына сай болу керек. Сайтта сипатталғаннан дизайн элементтері немесе рәсімделуі өзгеше болса, ол жарамсыздық белгісі емес.

8.2. Тауардың сыртқы түрі мен толықтығы, сонымен қатар Барлық Тапсырыстың толықтығы Тауарды жеткізу сәтінде Сатып алушымен тексерілуі қажет.

8.3. Тауарды жеткізуде Сатып алушы жеткізу туралы түбіртекте «Тапсырысты қабылдадым, толық жинақталған, тауардың мөлшері мен сыртқы түріне қарсылығым жоқ» графасына, немесе Сатушы шығаратын осыған ұқсас, Тауар жинақтылығына, мөлшеріне және сапасына шағымы болмайтыны туралы Сатып алушы белгі қоюды қарастыратын құжатқа қол қояды. Тапсырысты алған соң тауардың сыртқы түріне, оның мөлшеріне, жинақтылығына және тауарлық түріне қойылатын арыздар қабылданбайды.

8.4. Егер Сатып алушыға Сатушымен алдын ала келісілмеген сапасыз Тауар берілген жағдайда, Сатып алушы ҚР «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңының ережелерін ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңының 30 бабы 1 тармақшасына сәйкес) қолдануға құқылы.

8.5. Тауарға төленген ақша сомасын кері қайтару туралы талаптар сәйкес талапты ұсынған күннен бастап 10 банктік күн ішінде Сатушының қанағатандыруына жатады.

## 8. Жауапкершілік

1. Сатушы Интернет-дүкенінен сатып алған Тауарды Сатып алушы дұрыс қолданбау себебінен келтірілген залалға жауаткершілікте болмайды.

2. Сатушы сыртқы Сайттардың мазмұны және қызмет етуіне жауаткершілікте болмайды.

3. Nicole басқа Сатушылар өткізетін Тауар сапасына, сондай-ақ, олардың Сатып алуш рәсімдеген Тапсырысқа сәйкес толықтығы мен саны бойынша Тауарды Сатып алушыға тапсыру жөнінде өз міндеттемелерін орындауға жауапты емес. Сатып алушы Интернет-дүкенде рәсімделген Тауардың сапасына, толықтығы мен санына қатысты,

сонымен қатар Тауарды жеткізу мерзіміне қатысты кез-келген шағымды сол Сатушыға бағыттайтынына келісiмiн бередi. Сонымен бiрге, Nicole Сатып алушыға олардың Сатушыларға қоятын шағымдарын шешуде Nicoledе бар Сатып алушының жұмыс тәртібi, Тауарды сату және қайтару шарттары, орналасқан жерi туралы ақпаратты, сонымен қатар Nicole қол астындағы шағымдарды шешу үшiн маңызды және заң немесе келiсiм бойынша құпия болып танылмайтын ақпаратты беру арқылы көмек көрсетуге мiндеттi.

## 9. Ақпараттың құпиялығы және қорғалуы

1. Қолданушы/Сатып алушының жеке деректерi «Жеке деректер туралы» № 94-в заының 5 бабына және Сатушының Құпиялылық саясатына сәйкес өңделедi.

2. Сайтта тiркелу кезiнде, Қолданушы келесi ақпараттарды ұсынады: Тегi, Аты,Әкесәнән аты, байланыс телефон нөмiрi, электронды пошта мекенжайы, туған күнi, жынысығ таурды жеткізу мекен жайы.

3. Өзiнiң дербес мәлiметтерiн бере отырып, Сайтқа кiрушi/Қолданушы/Сатып алушы Сатушыға оларды өңдеуге, соның iшiнде,осы Көпшiлiк офертасы шегiнде Сатушы тауарлар мен қызметтердi сату үшiн осы Келiсiм шегiнде Сайтқа кiрушi /Қолданушы/ Сатып алушы алдындағы мiндеттемелерiн орындау, Сатушы тауарлар мен қызметтерiн өткiзуге, электрондық және sms сауалнама жүргiзу, маркетингтік науқандар нәтижелерiн басқару, клиенттік қолдау, Сатып алушыларға жеткізудi ұйымдастыру, Сайтқа кiрушi/Қолданушы/Сатып алушы арасында жүлде ұтысын жүргiзу, Сайтқа кiрушi/Қолданушы/Сатып алушы қанағаттандырылуын бақылау, сонымен қатар Сатушы көрсететiн қызметтер сапасын бақылау мақсатында өңдеуге келiсiмiн бередi.

4. Дербес мәлiметтердi өңдеу деп автоматтандыру құралдарын қолдану немесе бұндай құралдарды қолданбай, дербес мәлiметтермен жүргiзiлетiн кез-келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығын айтады, соның iшiнде жинақтау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), табу, қолдану, беру (сонымен қатар, үшiншi тұлғаларға, шекарадан тыс жіберудi шектемей, егер бұл мiндеттемелердi орындауда қажет болса), дара билiктен айыру, блокқа қою, өшiру, дербес мәлiметтердi жою.

4.1.Сатушы аптарааттық, оның iшiнде жарнамалық хабарламаларды Қолданушы/Сатып алушының абоненттi бiр жақты идентификациялайтын және хабарлама алуға ерiк бiлдiруiн сенiмдi орнатуға мүмкiндiк беретiн әрекеттердi орындауы арқылы келiсiмiн алған соң, оның электронды почтасына немесе ұялы теллофонына жіберуге құқылы. Қолданушы/Сатып алушы Nicoledge бас тарту туралы ask@Nicole.kz мекен- жайына сәйкес өтiнiш жазу арқылы хабарлап, себебiн түсiндiрместен жарнамалық және басқа да ақпараттарды қабылдаудан бас тартуға құқылы

4.2.Қолданушыға/Сатып алушыға Тапсырыс және оның орындалу сатысы туралы Сервистiк хабарламалар автоматтандырылған түрде жолданады және мұндай хабарламалардан Қолданушы/Сатып алушы бас тарта алмайды

4.3.Жеке мәлiметтi өңдеуге келiсiм беруден бас тарту осы Көтшiлiк офертасының акцептiнен бас тарту арқылы жүзеге асырылады

5. Сатушы "cookies" технологияларын қолдануға құқылы, "Cookies" құпиялық ақпараттардан тұрмайды. Сайтқа кiрушi / Қолданушы / Сатып алушы осымен статистика жасауына және жарнамалық хаттамалары оңтайландыруы үшiн cookies, соның iшiнде үшiншi жақтың жинауға, талдауға және қолдануға келiсiмiн бередi.

6. Сатушы [www.nicole.kz](http://www.nicole.kz). Сайтыні кірушілердің IP-мекенжайлары туралы ақпаратты алады. Бұл мәлімет сайтқа кірушінің жеке басын анықтау үшін қолданылмайды.

7. Сайтта жалпыға ортақ түрде Қолданушы/Сатыт алушы ұсынған мәліметтерге жауапкершілікте болмайды.

8. Сатушы Қолданушы/Сатып алушымен болған телефонмен сөйлесулерді жазады. Осы кезде Сатушы: телефон сөйлесулері кезінде алынған рұқсат етілмеген ақпараттарға еруге, және/немесе оны Тапсырысты орындауға тікелей қатысы жоқ үшінші тұлғаға берілмеуіне міндеттенеді.

## 10. Көпшілік офертасының жарамдылық мерзімі

1. Осы Көпшілік офертасы Сайтқа кіруші/Сатыт алушы құптаған сәттен бастап күшіне енеді де, Көпшілік офертасын құптау қайтарылған сәтке дейін жарамды.

## 11. Қосымша талаптар

1. Сатушы оның Сатушымен өзара қатынасынан туындаған міндеттемелері мен құқығын қандай да бір әдіс жолымен үшінші тұлғаға беруге құқылы.

2. Интернет-дүкен және ұсынылған сервистер профилактикалық немесе өзге де жұмыстардың жүргізілуіне, сонымен қатар, өзге де техникалық себеттерге байланысты уақытша, ішінара немесе толық қолжетімді болмауы мүмкін. Nicole Техникалық қызметі Сатып алушыларды алдын ала ескерте отырып, немесе ескертпей қажетті кезеңді профилактикалық немесе өзге де жұмыстарды жүргізуге құқылы.

3. Қолданушы/Сатып алушы және Сатушы арасындағы қатынастарға Қазақстан Республкасының заңындағы ережелер қолданылады.

4. Қолданушы/Сатып алушы тарапынан сұрақтар мен арыздар туындаған жағдайда, ол Сатушыға телефон немесе өзге де тиімді жолмен хабарласуы қажет. Барлық туындаған дауларды тараптар келіссөз жүргізу жолымен шешеді, келісімге келмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңына сәйкес сот органдарында қарастыруға беріледі

5. Осы Келісімнің қандай да бір ережесін сот жарамсыз деп таныған жағдайда, қалған ережелерін жарамсыз деп саналмайды.